

**Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**

---

**Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ**

---

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ**

**ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

**СН РК 3.02-11-2011\***

**Ресми басылым  
Издание официальное**

**Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық  
істері комитеті**

**Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального  
хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития  
Республики Казахстан**

**Нұр-Сұлтан 2020**

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ИННОБИЛД» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2018 жылғы 5 наурыздағы №45-НҚ, 2018 жылғы 15 қарашадағы №235-НҚ және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2020 жылғы 11 ақпандағы №31-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ИННОБИЛД»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан №45-НҚ от 05.03.2018 года, от 15 ноября 2018 года №235-НҚ и Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 11 февраля 2020 года №31-НҚ.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР .....	2
4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ.....	3
4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты .....	3
4.2 Функционалдық талаптар.....	3
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	5
5.1 Жалпы ережелер.....	5
5.2 Жер телімін орналастыру мен қондырғыларға қойылатын талаптар .....	6
5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар .....	7
5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар .....	9
5.4.1 алынып тасталды	
5.4.2 Функционалдық топтарға, жайлардың құрамы мен алаңдарына қойылатын талаптар.....	9
5.4.3 Сәулет-жоспарлау шешімі .....	10
5.4.4 Жиһаз бен құрал-жабдықтарды орналастырудың эргономиялық параметрлері .....	11
5.4.5 Табиғи және жасанды жарықтандыру .....	12
5.4.6 Бөлмелерді ішкі әрлеуге қойылатын талаптар .....	13
5.4.7 Инсоляция, жарық түсу жақтарына байланысты жайларды күннен қорғау және бағдарлау .....	13
5.5 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	13
5.6 Инженерлік құрылғылар.....	14
5.6.1 Сумен қамту және канализация .....	14
5.6.2 Жылыту мен желдету .....	15
5.6.3 Электр техникалық құрылғылар .....	15
5.7 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету .....	16
5.8 Мүмкіндігі шектеулі топтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша талаптар .....	17
5.9 Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар.....	17
6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР .....	17
6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар.....	17
6.2 Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану.....	18

**КІРІСПЕ**

Осы құжат Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес әзірленді және құрылыс саласындағы халықаралық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталған.

Осы құрылыс нормаларында:

- нормативтік талаптардың мақсаты;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттамаларына қойылатын талаптар бар.

Осы ҚР ҚН «Жалпы білім беру мекемелері» «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен конструкцияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады.

Қолайлы шешімдер мен осы құрылыс нормасының талаптарын орындау параметрлері ҚР ЕЖ «Жалпы білім беру мекемелері» келтірілген.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ**

**ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ**

---

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ**

1.1 Осы құрылыс нормалары ғимараттар жүйесін орналастыру мен ұйымдастыруға, жер теліміне, аумақтарға, функционалдық топтарға, үй-жайлар құрамы мен алаңына, көлемдік-жоспарлық шешіміне, жарықтандыруға, инженерлік қондырғыларға және жалпы білім беру ұйымдарының ішкі ортасына қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

1.2 Осы құрылыс нормаларының нормалау объектісі жалпы білім беру ұйымдарын жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын міндетті талаптар болып табылады.

1.3 Осы нормалар қайта салынған және реконструкцияланған (күрделі жөнделген) жалпы білім беру ұйымдарына, оның ішінде кез келген ұйымдық-құқықтық меншік нысанындағы шағын жиынтықты жалпы білім беру ұйымдарына таратылады.

**\*2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін төменде көрсетілген келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Білім ұйымдары желісінің кепілдендірілген мемлекеттік нормативі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 21 желтоқсан 2007 жылғы № 1256 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31 желтоқсан 2008 жылғы № 1351 қаулысымен бекітілген «Басқа материалдардан жасалған конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 876 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілерінің тізбесі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал, терроризмге қарсы объектілерді қорғау жүйесіне қойылатын талаптар.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарықтандыру нормалары.

---

**Ресми басылым**

## **ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 1111 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттарда, бөлмелер мен құрылыстарда өрт кезінде адамдарды ақпараттандыру және эвакуациялауды басқару автоматтандырылған өрт белгілері мен автоматтандырылған өрт сөндіру жүйелерімен жабдықтау бойынша талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары.

ҚР ҚН 2.01-01-2013 Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

Ескертпе - Осы мемлекеттік нормативті пайдалану кезінде жыл сайын ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жасалған және ай сайын шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналына сәйкес келетін «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі» ақпараттық каталог бойынша сілтемелік құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме жасалған ереже, сілтемені қозғайтын бөлігінде қолданылады.

*(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ және 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрықтар)*

### **3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

\*Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*:

**3.1 Оқу бөлмелерінің блогы:** Бір сала немесе бір пәнге арналған бір тектес оқу бөлмелерінің тобы.

**3.2 Топтық сабақтар:** Сынып тобын 8, 6 және 4 адамнан тұратын шағын топтарға бөліп оқытатын сабақтар. Осы сабақтарға сәйкес білім алушылар үстелдері топтастырылады. Бұл кезде білім алушылар бір-біріне бетпе-бет отырып, ұжымдық тапсырмаларды орындайды.

**3.3 Жеке сабақтар:** Мұғалімнің берген тапсырмаларын өздігінен орындау үшін сынып бөлмесі бойынша барлық білім алушылардың назарын аудару отырып өткізілетін

сабақтар. Білім алушылар дидактикалық материал ілінген қабырға периметріне қарап отыруы немесе сабақ ОТҚ-мен жүргізілуі мүмкін.

**3.4 Сынып-кабинет:** Әртүрлі пәндер бойынша сабақ өткізуге арналған негізгі және жоғарғы мектеп білім алушыларына арналған бөлмелер.

**3.5 Сынып бөлмесі:** Бастауыш сынып білім алушыларына арналған бөлмелер.

**3.6 Құрама жарықтандыру:** Бүйірден түсірілетін табиғи жарық пен жоғарыдан түсетін табиғи жарықтың үйлесімі.

**3.7 Лаборант бөлмесі:** Мұғалім мен лаборанттың тәжірибе жасауға арналған құрал-жабдықтарын сақтайтын және дайындайтын бөлме.

**3.8 Зертхана:** Тәжірибе көрсетуге арналған бөлме.

**3.9 Параллель сыныптар:** Бір жастағы балалар оқитын сынып топтарының саны.

**3.10 Мектепалды (мектепке дейінгі) сыныптар:** Жалпы білім беретін мектептерде бес, алты жастағы балаларға арналған бір жылдық тегін міндетті мектепалды даярлау сабақтары жүргізілетін сыныптар.

**3.11 Ауылдық елді мекендер:** Ауылдар, кенттер, өндірістік телімдер және т. б.

**3.12 Мамандандырылған бөлме:** Тереңдетілген профильді курстарға немесе бір бағыттағы көлемді пәнге арналған бөлме.

**3.13 Мектептің орта буыны:** 5 - 9 немесе 5 - 8 (7) сыныптардан тұратын мектеп.

**3.14 Жоғарғы мектеп:** 10 - 11 (12), 9 - 11 (12) немесе 8 - 11 (12) сыныптардан тұратын мектеп.

**3.15 Оқу секциясы:** Сынып бөлмелерінің (оқу бөлмелерінің) тобы, рекреация, ресурстық орталық және санитарлық тораптар.

**3.16 Ауқымдық сабақтар:** Барлық білім алушылар сынып тақтасына және мұғалімге қарама-қарсы отырады.

## 4 МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

### 4.1 Нормативтік талаптардың мақсаты

Осы құрылыс нормаларының нормативтік талаптарының мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауды ескере отырып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өрт қауіпсіздігін, санитарлық-гигиеналық, эргономиялық, технологиялық талаптарды, конструкциялардың сенімділігі мен орнықтылығын, қоршаған ортаны қорғауды ескере отырып, оқу және келіп-кету үшін барлық қажетті бөлмелері бар жалпы білім беру ұйымдарын жобалау мен салу, энергетикалық тиімділік пен ресурстарды үнемдеу болып табылады.

### 4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараты, оның конструкциялары мен элементтері, сондай-ақ олардың астындағы негіздер болжалды жүктемелер мен оларды салғанда, пайдаланғанда және қызмет ету мерзімінің ұзақтығында сыналуы ықтимал әсерлер байланысына төзімді болуы тиіс.

## **ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

4.2.2 Жалпы білім беру ұйымдары ғимараттарының конструктивтік, көлемдік-жоспарлық және инженерлік-техникалық шешімі өрттің және оның қауіпті факторларының пайда болу және оның ішінде жапсарлас ғимараттарға таралу қаупін болдырмау немесе азайту мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Өрт болған жағдайда, адамдардың, оның ішінде физикалық мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірі мен денсаулығына залал келтірмеу үшін оларды қауіпсіз аймаққа көшіру қамтамасыз етілуі тиіс, сондай-ақ өртті жою бойынша шаралар өткізу.

4.2.3 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттары, оның ішкі ортасы оған білім алушылар және (немесе) жұмыс істеушілер келіп-кеткенде оның қызмет ету мерзімінің ішінде адамға физикалық, химиялық, биологиялық және өзге де жол бергісіз зиянды факторлар әсерін көрсетпейтіндей жобалануы және салынуы тиіс.

4.2.4 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимаратында оқу мен келіп-кету үшін аумақтың көріктендірілуін, сәулет-жоспарлау шешімін, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, пайдалану барысында балалардың, қызметкерлердің, сондай-ақ келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін қажетті жайлы жағдай жасалуы тиіс.

4.2.5 Құрылыстың аумағында қоршаған ортаға әсерді ескере отырып, адамдардың өмір тіршілігі үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс.

4.2.6 Ғимараттың құрылыс конструкциялары мен инженерлік қамтамасыз етудің ішкі жүйелері температураны, ылғалдылық пен ауаның өту жылдамдығын қоса алғанда, қолайлы микроклиматты қамтамасыз етуі тиіс.

Қоршау конструкциялары жайындағы саңылауға (арқылы) судың ағуына және ылғалдың пайда болуына жол берілмеуі керек.

4.2.7 Сумен жабдықтау жүйесі мен су құбырының ішкі жүйесі судың талап етілген көлемінің үздіксіз берілу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.8 Канализация жүйесі мен желілері топырақ пен қоршаған ортаны ластандырмай, сұйық ағындарды олардың сумен жабдықтау жүйесіне түсуінсіз кетіруді қамтамасыз етуі тиіс.

4.2.9 Ғимарат бөлмелеріндегі жасанды жарықтандыру мен табиғи инсоляция қалыпты білім процесі мен адам денсаулығына залал келтіру қаупінің алдын-алу үшін жағдай жасауы тиіс.

4.2.10 Ғимарат пен оның бөлмелері шудың болуынан келіп-кету жағдайын төмендету салдарынан білім алушылардың денсаулығына қауіп тудырмауы тиіс.

4.2.11 Ғимарат оны пайдалану барысында айрықша қорғалатын табиғи және рекреациялық аумақтардың, суайдындарының, суқорғау аймақтарының экологиялық қорғалуын қамтамасыз етуді қоса алғанда, қоршаған ортаға кері әсер көрсетпеуі тиіс.

4.2.12 Білім алушылар мен келушілердің, оның ішінде мүмкіндігі шектеулілердің жалпы білім беру ұйымдарының ғимаратына және оның аумағына келу жолдары баспалдақтардың, ойықтардың, еніс пен сырғанақ беттердің болуы, биіктіктің және төмен орналасқан элементтердің әртүрлілігі, сондай-ақ көлік қозғалысы ескерілген жайлы және қауіпсіз болуы тиіс.



4.2.13 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараты мен оның қоршау құрылыс конструкциялары, жылыту мен салқынлату жүйелері, желдету мен ауа баптау, сондай-ақ жарықтандыру, энергия үнемдеу режимінде жұмыс істеуі тиіс.

4.2.14 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимаратында ғимараттың қызмет етуінің есептік мерзіміне, құрылыс конструкцияларын қайта пайдалануға және бұзу кезінде құрылыс қалдықтарын өңдеуге сәйкес табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс.

\*4.2.15 Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жобалау кезеңінде объектінің Қазақстан Республикасының террористік тұрғыдан осал, объектілері тізіміне жататынын анықтау және объектінің терроризмге қарсы қорғаудың тиісті жүйесін жасау үшін шараларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалу жүйесіне қойылатын талаптарға сәйкес қабылдау қажет *(Толықтырылды – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық)*.

## **5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **5.1 Жалпы ережелер**

5.1.1 Жалпы білім беру ұйымдарын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына және жалпы білім беру ұйымдарын жобалауға, салуға және пайдалануға қойылатын талаптарды белгілейтін басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкес жобалау керек.

5.1.2 Жалпы білім беру ұйымдарына мыналар жатқызылуы тиіс:

- а) бастауыш жалпы білім беру мектебі;
- б) негізгі жалпы білім беру мектебі;
- в) жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытатын орта жалпы білім беру мектебі;
- г) профильдік мектеп;
- д) лицей;
- е) гимназия;
- ж) шағын жиынтықты мектеп.

Жалпы білім беру ұйымдарын жобалаған кезде Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер және санитарлық ережелер талаптарын ескеру қажет.

5.1.3 Жалпы білім беру ұйымдарында білім бағдарламасына сәйкес жалпы білім процесінің жүзеге асырылуы қамтамасыз етілуі тиіс.

5.1.4 Жалпы білім беру ұйымдарының сыйымдылығы жалпы білім беру ұйымдарын орнатуға, ұстауға және оқу шартына қойылатын санитарлық ережеге, қала құрылысының шарттарына және ҚР ҚН 3.01-01 және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес халықтың демографиялық құрылымын ескере отырып, ұйымдық-педагогикалық құрылыммен анықталуы тиіс.

## **ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

5.1.5 Жалпы білім беру ұйымдары мен профильдік мектептер үшін сыныптардың толуы (оның ішінде мектепалды) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен санитарлық ережеге сәйкес анықталады.

5.1.6 Жобалаған кезде сараланған немесе біріктірілген оқу бағдарламаларынан шығатын кейбір пәндер бойынша практикалық сабақтарды өткізу кезінде сынып топтарын шағын топтарға бөлуді ескеру керек.

### **5.2 Жер телімін орналастыру мен қондырғыларға қойылатын талаптар**

\*5.2.1 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттары қолданыстағы және жобаланатын объектілердің тұрғын алаңын және санитариялық қорғау аймақтарын перспективті дамытуды ескере отырып орналастырылуы тиіс. Жер учаскелерінің алаңы ҚР ҚН 3.01-01 қала құрылысы нормаларына сәйкес қабылдануы тиіс.

Жалпы білім беру ұйымдарды көп қабатты тұрғын ғимараттың бірінші және (немесе) екінші қабаттарында, жеке үй шаруашылықтарында, жапсарлас-жанастыра салынған үй-жайларда 1 оқушыға ең төменгі рұқсат етілген алаңды және арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдарды қамтамасыз етуді ескере отырып орналастыруға рұқсат етіледі.

Үй-жайлардың жиынтығы жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес айқындалады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.2.2 Жалпы білім беру ұйымдары ғимараттарынан қызыл сызыққа дейін және жалпы білім беру ұйымдары жер телімі шетінен тұрғын және басқа ғимараттардың қабырғасына дейінгі арақашықтықты Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитарлық ережеге және ҚР ҚН 3.01-01 сәйкес қабылдау қажет.

Мектептің жер телімін санитарлық-қорғаныс аймағының, өндірістік объектілердің аумақтарына орналастыруға жол берілмейді.

5.2.3 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарын жобалаудың барлық кезеңдерінде автокөліктер мен шудың басқа көздерінен шығатын шу деңгейлерінің есебін ҚР ҚН 2.04-02 талаптарына сәйкес жүргізу қажет. Қажет жағдайда тиімділігі бойынша міндетті есептері бар шудың жоғарғы деңгейінен қорғау бойынша шаралар өңделуі керек.

5.2.4 Жер теліміндегі ғимаратты күн сәулесі мен ауаның айналу мүмкіндігін жасай отырып, терезелері екі жаққа қарайтындай орналастыру керек.

\*5.2.5 Жалпы білім беру ұйымдарының жер учаскелерінде мынадай аймақтардың болуы көзделуге тиіс: ғимараттар мен құрылыстар салу, көгілдандыру, дене шынықтыру және спорт, демалыс, сондай-ақ жобалауға арналған тапсырма бойынша білім беру-тәжірибелік және шаруашылық алаңдары (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.2.6 Тығыздап салу жағдайларында ғимаратты орналастыру барысында жер телімі аймағының құрамы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының келісімі бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталады.

\*5.2.7 Дене шынықтыру-спорттық аймақ қолданыстағы ашық спорттық ғимараттарды жобалау нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес қарастырылуы тиіс.

Білім беру ұйымдардың дене шынықтыру-спорт аймағы шағын ауданның дене шынықтыру-сауықтыру кешенімен, оның ішінде арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жабдықталған алаңмен біріктірілуі мүмкін (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.2.8 Дене шынықтыру-спорттық аймағын жасыл желектер сызығынан тыс орналастыру керек.

5.2.9 Оқу-тәжірибелік аймақ жер телімі жалпы алаңының құрамына кіруі тиіс.

Алғашқы әскери дайындық аймағын спорт аймағымен біріктіруге жол беріледі.

5.2.10 Демалыс аймағына төмендегілерді енгізу керек:

а) бастауыш мектеп білім алушыларының (2 - 4 сыныптар) қозғалыс ойындарына арналған алаңдар;

б) негізгі мектептің тыныштықта демалуына арналған алаңдары.

Жоғары сынып білім алушыларына спорттық аймақ алаңдары демалыс аймағы болып есептелінеді.

5.2.11 Жер телімдерінің жалпы ауданын қысқарту барысында жеңіл атлетикалық ядроның, спорт алаңдарының және қозғалыс ойындарына арналған алаңдардың өлшемдері өзгеріссіз сақталуы керек.

5.2.12 Шаруашылық аймақта бөлек шығатын (кіретін) жерлер болуы керек және асхананың өндірістік бөлмесі жағынан және оқу-тәжірибелік аймаққа жақын орналастырылуы қажет. Шаруашылық қоймаларды сонымен қатар мектеп ғимаратының жер асты немесе жергілікті қабатында шығаберісті жеке орналастыруға жол беріледі. Шаруашылық қосалқы құрылыстардың құрамы мен алаңы мектептің сыйымдылығы мен профиліне сәйкес анықталады.

Ауылдық мектептер жер телімінің шаруашылық аумағына автобусқа арналған гараж қарастыру керек.

5.2.13 Көгалдандыру ауданына жасыл көшеттер, оқу-тәжірибелік аймақтар, дене шынықтыру мен демалу аймақтары, сонымен қатар гүлзарлар, қорғаныш сызықтары мен жер телімі айналасындағы бұтақтардан жасалған қоршаулардың аймақтары кіруі керек.

Көгалдандыру үшін улы және тікенекті өсімдіктер қолдануға рұқсат етілмейді.

5.2.14 Телім кіші сәулет пішіндермен жабдықталуы, жарықтандырылуы, төселген жабындары мен шөп гүлзарлары болуы керек.

Орташа көлденең жарықтандыруды ҚР ҚН 2.04-01 бойынша қабылдау керек.

### **5.3 Өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар**

5.3.1 Ғимараттың өрт қауіпсіздігі мен көлемдік-жоспарлық шешімдері «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар», «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттеріне және Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы қажет.

## ҚР ҚН 3.02-11-2011\*

5.3.2 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттары өрт сөндірушілер, құтқару, меншікті сақтап қалу бойынша жұмыстарды тиісті түрде жүзеге асыра алатындай және өрт сөндіру құрылғыларын қолдана алатындай жобалануы және салынуы қажет.

5.3.3 Эвакуация жолдарының енін есептеген кезде мектеп ғимаратының қабатында бір уақытта болатын адамдардың ең көп саны оқыту бөлмелерінің, еңбекке баулу бөлмелерінің, сонымен қатар спорт залы мен мәжіліс залының, сол қабатта орналасқан дәрісханалар сыйымдылығымен анықталуы тиіс.

5.3.4 Эвакуациялық шығаберістер анық белгіленуі тиіс.

5.3.5 Ғимараттың шатырдағы бөлмелерінің, спорт залының еденінің ағаш конструкциялары оттан қорғайтын құраммен өңделуі керек. Отыруға арналған орындарды жанған кезде зиянды заттарды бөлмейтін жанғыш материалдардан орындауға болады.

5.3.6 Гардероб бөлмелерін түгін шығару жүйесімен жабдықтау керек.

5.3.7 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарына сауналарды (кұрғақ ыстық монша) орналастыруға жол берілмейді.

5.3.8 Электр өткізгіштерін төсеу үшін құрылыс конструкцияларындағы каналдар берілген конструкциялардың отқа төзімділік шегін төмендетпеуі керек.

5.3.9 Электр құрылғылары, тетіктері және оның жұмыстары жану көздері ретінде олардың потенциалды мүмкіндіктерін азайтатындай етіп орналастырылуы керек.

5.3.10 Ағаш өңдеу шеберханасы, металл мен ағаш өңдейтін құрама шеберханадан сыртқа тікелей (жылытылған тамбур арқылы) немесе сыныптардан, оқу бөлмелерінен және зертханалардан шығаберісі жоқ шеберханаға жанасқан дәліз арқылы шығатын қосымша шығаберіс қарастыруы керек.

5.3.11 Сигналды хабарлаушылар автоматты немесе механикалық (қол) болуы мүмкін. Қолмен хабарлаушылар зиянды әрекеттерді болдырмайтындай етіп орнатылады.

\*5.3.12 Түтінге қарсы әрекет ететін автоматтандырылған өрт дабылы жүйесі информатика кабинеттерінде, шикізат пен дайын өнімді сақтауға арналған қоймаларда, мәжіліс залында, кітапхана бөлмелерінде, жекелеген спорт құралдарының қоймаларында, вестибюльдер мен гардеробта болуы керек.

Автоматтандырылған өрт дабылы жүйесін іске қосу дабылы тәулік бойы жұмыс істейтін кезекші персоналдық бөлмесінде көрсетіледі (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.3.13 Жер телімдерінде өрт машиналарының ғимаратқа кіре беріс жолын, сонымен қатар ғимаратты айналатын мүмкіндігін қарастырылуы керек. Ғимаратқа кіреберіс және оны айналатын жолдардың, шаруашылық алаң және ғимаратқа баратын жолдардың жабыны қатты болуы керек. Мұғалімдер мен қызметшілер үшін автотұрақтарды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жобалау керек.

5.3.14 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарына электр құрылғыларын, электр жарығын, ақпаратты жіберу мен байланыс жүйелерін, автоматты өрт дабылын және өрт туралы хабарлауды «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенттің және белгіленген тәртіпте бекітілген басқа да нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.3.15 Эвакуациялық, айыратын, бағдарлайтын белгілер анық көрінетін және осы белгілерді белгілеу үшін болжалды жағдайларда сәйкес танылатын болулары қажет.

5.3.16 Белгілер шығаберістерді және қауіпсіз орындарды белгілеуі қажет және эвакуация жолдарын анықтайтындай, адамдарды шығаберіс пен қауіпсіз орындарға сілтейтіндей етіп орналастырылуы және электр жарығы сөніп қалғанда, көрінетіндей болуы керек.

#### **5.4 Пайдалану барысында адамдардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар**

*(5.4.1-кіші бөлімі алынып тасталды – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық)*

#### **5.4.2 Функционалдық топтарға, жайлардың құрамы мен алаңдарына қойылатын талаптар**

5.4.2.1 Бөлмелердің функционалдық топтарының, құрамының және алаңдарының жиынтығы олардың түрлеріне және типтеріне, функционалдық-педагогикалық құрылымы мен мақсатына сәйкес болуы қажет.

5.4.2.2 Жалпы білім беру ұйымдарының жайларының құрамына бөлмелердің оқыту және жалпы мектептік топтары кіруі, функционалдық топтарға саралануы қажет. Жоғарғы профильді мектеп бөлмелерінің оқыту топтары нақты профильді пәндерге сәйкес мамандандырылған бөлмелердің дамыған топтарынан тұруы қажет.

5.4.2.3 Жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрлері үшін сыныптар мен сынып-кабинеттердің негізгі бөлмелерінің саны ұйымдастыру-педагогикалық құрылымына сәйкес оқыту топтарының санына тең қабылданады.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру нысаны мен әдісіне сәйкес мектептің жалпы сыйымдылығында әр параллель сыныптарға (1 бастап 11 (12) дейін) қосымша сынып бөлмелерін қабылдау және білім алушы орындарының қосымша бөлімін есептеуге жол беріледі.

*\*5.4.2.4 (Алынып тасталды – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық)*

*\*5.4.2.5 (Алынып тасталды – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық)*

*\*5.4.2.6 (Алынып тасталды – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық)*

\*5.4.2.7 Мұғалімдерге арналған гардероб бөлмелері кем дегенде бір сыныпқа екі орынды есептеуден қамтамасыз етілуі керек. Оқушыларға арналған гардероб бөлмелері қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қамтамасыз етілуі керек *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық)*.

5.4.2.8 Мұғалімдер мен әкімшілік саны жалпы білім беру ұйымдарының түрі мен типіне және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру нысанына және профильдің бағытына сәйкес анықталады.

5.4.2.9 Рекреацияны, әдеттегідей, зал бөлмесі ретінде жобалау керек.

### 5.4.3 Сәулет-жоспарлау шешімі

5.4.3.1 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарын әртүрлі ұйымдастыру-педагогикалық құрылымы бар мектебі, лицей немесе гимназия ретінде пайдалану мақсатында әмбебеп жобалау керек.

5.4.3.2 Жалпы білім беру ұйымдары ғимаратының қабатын санитарлық ережеге сәйкес және құрылыс ауданының сейсмикалылығын ескере отырып, негізді қабылдау керек.

5.4.3.3 Ғимараттың көлемдік-жоспарлық құрылымы мектеп телімімен байланысты қоса алғанда, мекеменің белгіленуіне, оны пайдалану ерекшелігіне және қолайлы жағдайларға сәйкес болуы керек.

5.4.3.4 Функционалдық моделіне сәйкес ғимараттың сәулеттік-типологиялық құрылымы қажетті кеңістікті ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.3.5 Оқыту бөлмелері оқу секцияларына топтастырылуы керек.

5.4.3.6 Жалпы мектептік орталықтың бөлме тобын оқу секцияларынан оқшаулап орналастыру ұсынылады. Орталық бөлмелеріне оқу секциялары арқылы өтуге жол берілмейді.

5.4.3.7 Жалпы білім беру ұйымдарын оқу секцияларын-блоктарды оқшаулау мүмкіндігін ескере отырып жобалау керек.

\*5.4.3.8 Мектеп асханалары болған жағдайда шикізатпен немесе жартылай фабрикаттармен жұмыс жасауға арналған асхана блоктарын жобалау керек.

Асханадағы өндірістік үй-жайларда жеке кіру және дебаркадер болуы керек.

Асхана бөлмелерінің өндірістік үй-жайлары сауда-технологиялық жабдықтардың жиынтығын электрлік жылытуға және білім беру ұйымдарында білім алушылардың тамақпен қамтамасыз етілуін ескере отырып жобаланады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.4.3.9 Бейімделген ғимараттарда орналасқан жалпы білім беру ұйымдарында тығыздап салу жағдайларында, ауылдық елді мекендерде типтік асхана ұйымдары үшін жағдай болмаған жағдайда, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органдардың келісімі бойынша бөлмелердің мынадай қысқартылған жиынтығы қарастырылады: қойма бөлмелері, шикізат дайындау, тағам дайындау, дайын өнімді тарату мен асхана және асхана ыдыстарын жууға арналған аймақтар бар асхана.

5.4.3.10 Бөлменің құрамы, ең төменгі жиын және тағам блогының технологиялық құрылғыларын орналастыру, сонымен қатар оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы санитариялық ережеге сәйкес болуы қажет.

5.4.3.11 Оқу-спорт бөлмелерін орналастыруды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жапсарлас бөлмелердің орналасуын ескере отырып қарастыру керек.

5.4.3.12 Оқу-спорт бөлмелеріне оқу секциялары арқылы өтуге жол берілмейді. Спорт залына киім ауыстыратын бөлмеден кіру тікелей немесе оқшауланған дәліз арқылы кіру қарастырылады.

Спортзалдың қызмет жасау дербестігін қамтамасыз ету барысында білім және мемлекеттік санитарлық қадағалау органдармен келісім бойынша, онда қосымша шешінетін бөлмелерді, душ бөлмелері мен санитарлық тораптарды міндетті

ұйымдастырылған ықшамауданның ересек тұрғындарының спортпен айналысуы үшін оқудан тыс уақытта пайдалануға рұқсат етіледі.

5.4.3.13 тармағына *Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 346-НҚ бұйрығына сәйкес өзгерістер енгізілді.*

5.4.3.13 Гардеробтар бастауыш, негізгі және жоғарғы мектептер үшін аймақтарға бөлу арқылы оқшау орналастырылуы қажет.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаған жағдайда қажетті ауданды есепке ала отырып бастауыш, негізгі және жоғарғы сыныптары оқшаулау арқылы дәліз-рекреацияларда гардероб орналастыруға болады

\*5.4.3.14 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарына кіретін жерлерде кең және жылытылатын тамбурлар қарастырылады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.4.3.15 Санитарлық тораптарға кіреберістерді оқу бөлмелерінің кіреберісіне қарама-қарсы немесе оларға тікелей жақын орналастырмаған дұрыс.

\*5.4.3.16 Дәріханадағы унитаздар білім алушыларға арналған жабық кабиналарда орналастырылуы керек. Кабиналар арақабырға қалқамен бөлінуі керек.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін ҚР ЕЖ 3.06-101 талаптарына сәйкес жеке әжетхана көздеу қажет (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.4.3.17 Жалпы білім беру ұйымдарында интернетке сымсыз шығу мүмкіндігі бар компьютер орталығы қарастырылуы қажет. Бөлмелердің құрамы мен алаңын жалпы білім беру ұйымдарының түрі мен профиліне сәйкес қабылдау керек.

5.4.3.18 Компьютер орталығын кітапхана-ақпараттық орталығы бар блокта орналастырған жөн.

5.4.3.19 Ғимараттың техникалық-экономикалық көрсеткіштерінің есебін қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жүргізу керек.

5.4.3.20 Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын алдын-ала орындауды ұйымдастыру мақсатында жоба бөлімдерін қалалар мен шаруашылық нысандардың категориялық деңгейлеріне байланысты қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын есепке ала отырып жобалау керек.

#### **5.4.4 Жиһаз бен құрал-жабдықтарды орналастырудың эргономиялық параметрлері**

5.4.4.1 Мектептің негізгі бөлмесі - сынып - оқу бөлмесі - техникалық құралдарды кеңінен жұмылдыру арқылы оқытудың ауқымдық, сондай-ақ топтық және жеке түрлерін ұйымдастыру оқыту сабақтарын белсенді жүргізу талаптарына сай болуы тиіс.

5.4.4.2 Бөлмеге білім алушылардың жұмыс аймағы, мұғалімнің жұмыс аймағы, оқу-көрнекілік құралдарын, оқытудың техникалық құралдарын, білім алушылардың жеке заттарын орналастыруға арналған қосымша кеңістік, білім алушылардың (озат және орта үлгерімді) топтық жұмыстары мен жеке жұмыстарына және белсенді әрекеттер мүмкіндігіне арналған аймақ енгізілуі тиіс. Бұл аймақтар кеңістік жиынтығы ретінде оқуға тиімді жағдайларды қамтамасыз етуі керек.

## **ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

\*5.4.4.3 Жалпы білім беру ұйымдарының жабдықтары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдары, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының жабдықтарымен және жиһазымен жабдықтау нормаларына сәйкес жүзеге асырылады (Өзгертілген. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық).

### **5.4.5 Табиғи және жасанды жарықтандыру**

5.4.5.1 Мектеп бөлмесін табиғи жарықтандыруды ҚР ҚН 2.04-01 және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттарға сәйкес жобалау керек.

5.4.5.2 Барлық негізгі оқу бөлмелеріндегі оқу үстелінің беті сол жағынан жарықтандырылуы тиіс. Сабак жүргізудің қозғалыс түрін ұйымдастыру үшін қосымша жоғарғы жарық (құрама: жоғарғы мен бүйірдегі жарықтың бірігуі) немесе негізгі оқу үстелдері аумағынан тыс бөлме тереңдігінде қосымша жасанды жарық есебінен бөлмедегі барлық жұмыс кеңістігі бойынша қажетті біркелкі жарық түсіруді қарастыру қажет.

5.4.5.3 Гигиена бөлмесін, инженерлік және технологиялық қондырғылар бар бөлмелерді, сондай-ақ рекреациялық болып табылмайтын бөлмелерді жасанды жарықтандырусыз жобалауға жол беріледі.

Айрықша жағдайларда, ғимараттың ең жоғарғы тұтастығына қойылатын талаптарды сақтау үшін білім алушыларға арналған көрермен залдарды және кулуарларды, санитарлық тораптарды жасанды жарықтандырумен жобалауға жол беріледі. Мұнымен қоса ауаның алмасу жиілігі (есеп бойынша) де арту керек.

Дәліз қабырғаларына әйнек арақабырғаларды немесе фрамугаларды орналастыру арқылы дәліздерді екінші жарықпен жарықтандыруға болады.

5.4.5.4 Жалпы білім беру ұйымдарының негізгі бөлмелерін жасанды жарықтандырудың нормаланған көрсеткіштерін ҚР ҚН 2.04-01 сәйкес қабылдау керек.

5.4.5.5 Жасанды жарықтандыру бөлме белгілеріне сәйкес жеткілікті, реттемелі, қауіпсіз болуы керек, білім алушыға және бөлменің ішкі ортасына шағылысатындай болуы және жағымсыз әсері болмауы тиіс.

Қызатын шамдарды қолданған кезде жабық немесе төбеге қарай жартылай ашық, ал люминесцентті шамдарды қолданған кезде жабық немесе кедір-бұдыр шырақтар қолданылуы керек.

5.4.5.6 Сынып тақтасы софиттермен жабдыкталады және жарықтандырылады.

5.4.5.7 Шырақтарды жарық түсетін қабырғаға параллель орналастырады.

5.4.5.8 Жасанды жарықты тиімді пайдалану және оқу бөлмелерін бірқалыпты жарықтандыру үшін күңгірт бетті жасайтын әрлеу материалдары мен бояуларды қолдану қажет.



#### **5.4.6 Бөлмелерді ішкі әрлеуге қойылатын талаптар**

5.4.6.1 Бөлменің ішкі әрлеуі олардың мақсатына байланысты санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарға сәйкес болуы қажет.

Полимерлік материалдарды және әрлеу түрлерін қолдануға Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттарға сәйкес және мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының келісімі бойынша жол беріледі.

5.4.6.2 Эвакуация жолдарындағы және зал бөлмелеріндегі сәндік-әрлеу қаптау материалдары мен еден жабындарын «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сәйкес қолдану қажет.

5.4.6.3 Ғимарат құрылысында қолданылатын бөлінетін материалдардың табиғи радионуклидтердің салыстырмалы тиімді белсенділігінің, зиянды газ көлемінің, сұйықтықтың мөлшері кез келген кеңістіктегі зиянды шоғырлардан аспауы қажет.

\*5.4.6.4 Жалпы білім беру ұйымдарындағы мөлдір шыны конструкциялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1351 қаулысымен бекітілген «Басқа материалдардан жасалған конструкциялардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келуі керек (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.4.6.5 Төбелерді, қабырғаларды, едендерді, қондырғыларды пайдаланудың әдеттегі режиміндегі бөлмелерде жуу және зарарсыздандыру құралдарын қолдану арқылы ылғал әдіспен жинауға жол беретін тегіс, жұмсақ үстіңгі қабаты болуы тиіс.

5.4.6.6 Еден жабыны үшін су өткізбейтін материалдарды пайдалану керек. Емдеу мекемелеріндегі еден жабыны тегіс, ақаусыз – саңылаусыз, жарықшақсыз, тесіктерсіз және т. б., негізге тығыз қиюласуы, жуу және зарарсыздандыру құралдарының әсеріне төзімді болуы тиіс.

#### **5.4.7 Инсоляция, жарық түсу жақтарына байланысты жайларды күннен қорғау және бағдарлау**

\*5.4.7.1 Жалпы білім беру ұйымдарының оқу бөлмелерінің инсоляциясы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық нормалау жүйесінің құжаттарына сәйкес қарастырылады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.4.7.2\* (*Алынып тасталды – ҚТҮКШК 11.02.2020 ж. №31-НҚ бұйрық*).

5.4.7.3 Оқытудың техникалық құралдарын қолдану қарастырылған оқу бөлмелеріне перде ілу үшін құрылғылармен жабдықтау керек.

#### **5.5 Ғимараттың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша талаптар**

5.5.1 Конструкцияның механикалық беріктігі мен орнықтылығының талаптарын орындауды қамтамасыз ету үшін ғимарат жобалық құжаттамада белгіленуі ықтимал қызмет көрсетудің болжамдық мерзім аралығында өз қасиетін сақтауы тиіс.

5.5.2 Сейсмикалық аудандарда орналасқан жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарын жобалауды сейсмикалық әсерлерді ескере отырып жүргізу керек.

## **ҚР ҚН 3.02-11-2011\***

5.5.3 Конструкциялар мен бөлшектер ҚР ҚН 2.01-01 сәйкес ылғал, төмен температура, агрессивті орта, биологиялық және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсерлер төзімділігіне ие материалдардан орындалуы тиіс.

5.5.4 Құрама элементтердің жапсарлас қосылыстары мен қабатты конструкциялары негіздің әркелкі отыруы кезінде және пайдаланудағы басқа да әсерлер кезінде туындаған температуралық-ылғалдық деформация мен күшті әсерлерге есептелуі тиіс.

5.5.5 Тексеру, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және ауыстыру үшін ғимараттың инженерлік жүйесінің құрылғысына, арматурасына, жабдығына және олардың қосылған жерлеріне қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

5.5.6 Аяздан ісінуді, инженерлік коммуникацияларды енгізуді қоса алғанда, сейсмикалық әсерге, толықтыруға, топырақтың шөгуіне және басқа топырақтың ауысуына ұшыраған күрделі геологиялық жағдайдағы аудандарда ғимарат салу әртүрлі инженерлік жүйелер бойынша нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес негіздің ықтимал деформацияларын өтеу қажеттілігін ескере отырып орындалуы тиіс.

5.5.7 Ғимараттардың қоршау және көтергіш конструкциялары тиісті нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қабылдануы керек. Ғимараттардың конструкциялары мен негіздері қоршайтын және көтергіш конструкциялардың өздерінің салмағынан түсетін тұрақты жүктемені қабылдауына қарай есептелінуі керек:

- а) аражабынға уақытша тегіс таралып және шоғырланып түсетін жүктемелер;
- б) құрылыстың және т. б. осы ауданға түсетін қар мен жел жүктемелері.

5.5.8 Өңделетін аумақтарға, шөгетін топырақтарға, сонымен қатар басқа да қиын геологиялық жағдайларда ғимараттар салуға арналған тиісті құрылыс нормаларының қосымша талаптарын ескеру қажет.

## **5.6 Инженерлік құрылғылар**

### **5.6.1 Сумен қамту және канализация**

5.6.1.1 Жалпы білім беру ұйымдары ғимараттарында шаруашылық-ауыз суды және ыстық сумен қамтуды, канализация мен су ағындарын қарастыру және ҚР ҚН 4.01-01 және қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес жобалау керек.

5.6.1.2 Суық судың ағуы жаратылыстану ғылымдары бөлмелеріндегі зертханалық және көрсету үстелдерінің раковиналарында, санитарлық тораптардағы шаю ыдыстарында қарастырылуы тиіс.

5.6.1.3 Суық су мен ыстық судың ағуы раковиналарда, оқу бөлмелерінің жуғыштарында, шеберханаларда, санитарлық тораптарда, душ кабиналарында, аяқ ванналарында, екі секцияды жуғыштарда, зертханалық шкафтарда, су айыру крандарында, жинау құралдарын өңдеу мен сақтауға арналған бөлмелерде, сондай-ақ асхана мен буфет қондырғыларында қарастырылуы тиіс.

5.6.1.4 Елді мекенде канализация мен су құбырлары, сонымен қатар арнайы техникалар болмаған жағдайда, мемлекеттік тапсырыс берушімен келісім бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға арнайы техникаларды (су тасушы және су сорғыш көліктер) сатып алуға кеткен шығындарды қарастыру. Мұндай жағдайда, сумен

қамтамасыз ету және тасталған кір қалдықтарын жою санэпидқадағалау органдарымен келісіледі.

5.6.1.5 Елді мекенде су құбыры болмаған жағдайда, су сапасына қойылатын гигиеналық талаптарға сәйкес орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жеке ыдыс қарастыру керек.

5.6.1.6 Ауыз су құбыры күрелген қоқыс төгілетін орларда, септиктерде, дренаждық арықтарда, су ағатын арықтарда, сонымен қатар олардың астында немесе айналасында орналастырылмауы тиіс.

## **5.6.2 Жылыту мен желдету**

5.6.2.1 Жалпы білім беру мектептерінің ғимаратында жылыту мен желдетуді осы нормаға және ҚР ҚН 4.02-01 талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.6.2.2 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттарында кіріктірілме және жапсарлас қазандықтарды жобалауға жол берілмейді.

5.6.2.3 Жылыту жүйелерінің жылу беруі жоғары заманауи жылыту құрылғыларын қолданумен орындалғаны жөн.

5.6.2.4 Білім алушылар саны 200 дейінгі жалпы білім беру ұйымдары ғимараттарында, әсіресе ауылдық жерлерде жылытуды дербес қазандық негізінде шешу ұсынылады, ал желдетуді ұйымдастырылған механикалық ағынсыз орналастыруға жол беріледі.

5.6.2.5 Оқу бөлмелерінен ауаны шығаруды демалу бөлмелері мен санитарлық тораптар арқылы, сонымен қатар сыртқы жарық арқылы сүзгілеу есебінен қарастыру керек.

5.6.2.6 Ауа тарту желдеткішінің бөлек жүйелерін мынадай бөлмелерге (бөлме топтары) қарастыру керек: сынып жайлары мен сынып бөлмелері (ауамен жылыту болмаған кезде), зертханалар, мәжіліс залдар, оқу шеберханалары, спорт залдары, асхана, медпунктер, санитарлық тораптар.

5.6.2.7 Желдетумен бірлескен ауаны желдетуді жобалаған кезде автоматты басқару жүйелерін, жайда есептік температураны және салыстырмалы ылғалдылықты ұстауды, сондай-ақ оқу уақытынан басқа ауа температурасын реттеуді қарастыру керек.

5.6.2.8 Оқу бөлмелерінде ауамен жылыту жүйелерінде ауа айналымына жол берілмейді.

5.6.2.9 Мектеп асханаларында ауа айналымы асхананың технологиялық құрылғыларынан бөлінетін артық жылуды сіңіруге есептелуі тиіс.

Модельденген асхана құрылғыларын орнатқан кезде ағып келетін ауаның бөлігін жіберу осы құрылғылардың желдету құралдары арқылы жүзеге асырылуы қажет.

5.6.2.10 Тағам блогының кешенінен ауаны кетіруді өндірістік жай арқылы қарастыру керек.

5.6.2.11 Асбестцементті құбырлардан жасалған ауа өткізгіштерін қолдануға жол берілмейді.

### 5.6.3 Электр техникалық құрылғылар

5.6.3.1 Жалпы білім беру ұйымдарының аумағында электрмен жабдықтауды, электр қондырғыларын орнатуды, ғимаратты электрмен жарықтандыруды және сыртқы жарықтандыруды қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру керек.

5.6.3.2 Жалпы білім беру ұйымдарының барлық бөлмелерінде жасырын электр өткізгіштер қарастырылу керек. Асханада, қоймаларда, дәретхана мен басқа да қосымша қоймаларда ашық электр өткізгіштерін қарастыруға жол беріледі.

5.6.3.3 Оқу бөлмелеріндегі шамдар шу мен шашыраңқы жарықтың айрықша төмен деңгейі арқылы қарастырылуы тиіс.

Жарық пульсациясы коэффициентінің нормаланған мәнін қамтамасыз ету қажет.

5.6.3.4 Жарық беру құрылғыларын жобалау барысында люминесцентті шамдар қорының коэффициенті енгізілуі тиіс.

5.6.3.5 Оқу бөлмелеріндегі шамдар терезелер арқылы сыртқы қабырғалармен қатар орналастырылуы тиіс. Бірінші кезекте, терезеден алыс бөлме бөлігіндегі жарық болғандықтан шамдарды жеке (қатар бойынша) қосуды қарастыру қажет.

5.6.3.6 Апаттық және эвакуациялық жарықтандыруды өрт қауіпсіздігі бойынша нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастыру тиіс.

5.6.3.7 Телефон орнатуды әкімшілік және медициналық бөлмелерде қарастыру тиіс.

5.6.3.8 Телевизиялық хабарларды қабылдауға арналған желілерді, бейнетехникалар мен тұйық жүйелерді қолдануды мекеме профиліне және сабақты интерактивті тақтамен өткізу қажеттігіне сәйкес қарастыру қажет.

5.6.3.9 Жалпы білім беру ұйымдарында электр сағаттар мен электр қоңырауларды орнатуды қарастыру керек.

**\*5.7 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету** (*Атауының өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*)

5.7.1 Жалпы білім беру ұйымдарының жер учаскелерін жобалаған кезде қоршауды жасыл көшеттерді отырғызу арқылы барлық периметр бойынша орнату керек.

\*5.7.2 Білім алушылардың кешенді қауіпсіздік және терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін жалпы білім беру ұйымдарының ғимараттары мен аумақтарында бейнебақылау жүйелерін, өрт және қауіпсіздік дабылдарын орнату, сондай-ақ ішкі істер органдарына дабыл хабарларын жіберуге арналған арнайы арна (ведомстводан тыс күзетпен) қарастырылуы керек.

Жүйе мен құралдарды қорғау дабыл жүйесімен, кіруді бақылау жүйесімен, ескерту жүйесі мен құралдарымен, теледидарлық бейнебақылау жүйелерімен жабдықтау қажеттілігі Қазақстан Республикасы Үкіметтің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 191 қаулысымен белгіленген талаптарға сәйкес анықталады (*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 15.11.2018 ж. №235-НҚ бұйрық*).

5.7.3 Жалпы білім беру ұйымдарының ғимаратын найзағайдан қорғау қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес қарастырылуы тиіс.

5.7.4 Тұрақты мүмкіндігі бар шатыр кедергімен жабдықталуы тиіс.

5.7.5 Кедергі қауіптілікті ескере отырып даярлануы және орнатылуы тиіс.

5.7.6 Кедергілерде ашық жерлер болса, бұл жерлер адамдарды құлаудан ұстау үшін келушілердің күтілетін жасын ескере отырып, тиісті көлем мен пішінде болуы тиіс.

## **5.8 Мүмкіндігі шектеулі топтардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша талаптар**

\*5.8.1 Жалпы білім беру ұйымдары халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып, ҚР ҚН 3.06-01 талаптарына сәйкес жобаланады (*Өзгертілген. – ҚТҮКШК 05.03.2018 ж. №45-НҚ бұйрық*).

5.8.2 Жобалаған кезде халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының учаскеге және ғимаратқа қолжетімді жерлерге кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы кіруі үшін жағдай қарастырылуы керек.

5.8.3 Халықтың мүмкіндігі шектеулі топтарының жүруі үшін нормаланған кеңістік, сондай-ақ кресло-арбаның өту жолы оңтайлы ғимараттың шығып тұрған элементтерінен және бөліктерінен, сондай-ақ мекеме қабырғаларына немесе жекелеген конструкцияларға орнатылған құрылғылардан және қондырғылардан қысқартылмауы тиіс.

## **5.9 Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету бойынша талаптар**

5.9.1 Ландшафтық жоспарды әзірлеген кезде мынадай ресурстарды сақтауды қамтамасыз ету керек: су, топырақ, биологиялық әртүрлілік, энергия ресурстары, ауа сапасы, жабайы табиғаттың ашық кеңістігі мен басқа табиғи ресурстар.

5.9.2 Жобалау барысында топырақ эрозиясы мен шаңды болдырмау үшін шаралар қолдану керек.

5.9.3 Қоршаған ортаны қорғау талаптарын қамтамасыз ету кезінде суды пайдалануды азайту үшін шаралар қолдану қажет.

## **6 ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР**

### **6.1 Энергия тұтынуды азайту бойынша талаптар**

6.1.1 Ғимараттар мен құрылыстарда энергия ресурстарын қысқарту, жылу шығынын азайту бойынша бөлімде жалпы білім беру ұйымдарын жобалау талаптары тек энергия ресурстарын тиімді пайдалану мен үнемдеуге бағытталған қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

6.1.2 Ғимарат жүйелері мен оның бөліктері үшін энергияны тиімді пайдалануға қатысты талаптарды ескере отырып жобалануы және салынуы тиіс.

6.1.3 Қазақстан Республикасы аумағында қолданыстағы нормаларға сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының энергия тиімділігін арттыру бойынша шешімдер мен шаралар кешенін қарастыру.

6.1.4 Ғимараттың қоршау конструкциясы энергияны сақтайтын материалдарды қолданумен жабдықталуы керек, сонымен қатар инженерлік жүйелерде энергияны сақтайтын шараларды қолдану керек.

6.1.5 Ғимараттың энергия тиімділігін жүзеге асыру барысында климаттық және жергілікті жағдайлар, сонымен қатар бөлме ішінің климаттық жағдайлары есепке алынуы және экономикалық тиімділігі ескерілуі тиіс. Бұл шаралар ғимараттың басқа техникалық талаптарына, сонымен қатар олардың қолжетімділігіне, қауіпсіздігі мен мақсатты қолданылуына әсер етпеуі керек.

